

# Тақырыбы:

## Эпидемиологиялық диагностика

|            |          |
|------------|----------|
| Орындаған: | Рамазан  |
| М.Н        |          |
| Тексерген: | Жаканова |
| Ж          |          |

Алматы-201


# Жоспар

1. Эпиддиагностика
2. Эпиддиагностиканың құрылымы
3. Эпидемиологиялық семиотика
4. Эпидемиологияның диагностикалау технологиясы
5. Эпидемиялық ойлау
6. Эпидемия алды диагностика

# Эпидемиологиялық диагноз

- «Эпидемиологиялық диагноз» терминінің және түсінігінің пайда болғанына көп уақыт болған жоқ. Арнаулы эпидемиологиялық еңбектерде осы түсінікті пайдаланғандардың ішінде

- А.А Сумараков
- В.Д Беляков
- Е.П Ковалева
- В.В Долматов
- В.Л Черкасский




В.Л Черкасский «Эпидемиологиялық диагноз» түсінігінің методологиялық негізін жасады.




# Клиникалық диагноздан эпидемиологиялық диагноздың айырмашылығы

- 1) Клиникалық зерттеу объектісі болып жеке ауырған адам саналса, эпидемиологияда –эпидемиялық процесс өтіп жатқан халық



- 2) Клиникалық диагноз жеке адам науқасының мәні туралы жасалған дәрігерлік тұжырым.
- 3) Жүйелік тәсіл тұрғысынан қарағанда «клиникалық диагноз» ұғымының организмдік деңгейге қатысы болса, «эпидемиологиялық диагноз» эпидемиялық процестің әлеуметтік экожүйе деңгейін анықтайды.






# Эпидемиологиялық диагноз

- Эпидемиологиялық жағдайды бағалайтын қисынды формула және оның нақты бір аумақта, белгілі бір халықтар арасында, зерттелген уақыт мөлшеріндегі себептерін анықтау арқылы аурудың алдын алу мен індетке қарсы шаралардың нәтижелілігін арттыру және эпидемиологиялық болжам жасау.

- Эпидемиологиялық диагноз әр уақытта өзгерісте бо



# Эпидемиологиялық диагноз қоюдың мақсаты

- Қалыптасқан эпидемиологиялық жағдай неге пайда болды???



Неге?  
Қалай?  
Қашан  
?

- Эпидемиологиялық диагноз –  
Эпидемиологиялық жағдайдың пайда болу себебіне баға беру туралы жасалған тұжырымдама.
- Эпидемиологиялық диагноз аумақтық жағынан қарағанда
  - жергілікті (эпидемиялық ошақ)
  - аймақтық (бір мемлекеттің ішіндегі аумақтардағы халықтар)
  - әлемдік (жер жүзіндегі халықтар) болып бөлінеді.



# Жергілікті эпидемиологиялық диагноздың мақсаты:

- Эпидемиялық ошақтың пайда болу себебі мен жағдайы туралы қорытынды жасау;
- Осы ошақтағы эпидемиялық процестің түрі мен қарқынын анықтау арқылы оны құрту немесе шекарасын белгілеу және белсенділігін шектеу үшін тиімді құжаттар мен әдістерді анықтау;
- Осы құжаттар мен әдістердің сапасы мен тиімділігін бағалау және ошақтағы эпидемиологиялық жағдайды болжайтын жұмыстарды атқару.





# Аймақтық эпидемиологиялық диагноздың мақсаты:

- Зерттеу кезінде осы инфекцияның эпидемиялық процесінің ерекшеліктері туралы қорытынды жасау;
- Осы ерекшеліктердің болуына әсер ететін факторларды анықтау;
- Қарсы атқарылатын шаралардың сапасы мен тиімділігі туралы қорытынды жасау.

*Диагноз қою объектісі ғана әлемдік эпидемиологиялық диагноздың ерекшелігі болып табылады.*

# Эпидемиялы қ диагноз

қауырт  
(жедел)

Белгілі бір ошақтағы  
белгілі бір уақыт  
кезеңінде болып жатқан  
эпидемиялогиялық  
жағдайға тез және дер  
кезінде баға беру

Ретроспективті

Эпидемиялогиялық  
жағдайдың бұрын болып өткен  
көріністерін, ұзақ уақыт  
мерзімін қамту арқылы  
бағалау және болашақта  
болатын эпидемиялық  
процестің даму механизмдерін  
болжау болып саналады

# Эпидемиологиялық диагноз

семиотика

Дәрігерлік  
техника

Дәрігерлік  
қисынды  
ойлану



| Белгілері             | Клиникалық диагноз қою                                                                                                                                              | Эпидемиологиялық диагноз қою                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|-----------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Анық-тамасы           | Індеттің пайда болу себебін, механизмін, дамуын ғылыми деректерге сүйеніп, клиникалық әдістермен зерттеу нәтижесінде науқастың түрін және аурудың жағдайын анықтау. | Сырқаттанудың пайда болу себебін, жағдайын, механизмін және таралуын ғылыми деректерге сүйеніп және эпид-қ әдістермен зерттеу нәтижесінде халықтың эпид-қ жағдайын, сырқаттанушылықтың көрінісін анықтау.                                                                                                                                        |
| Семиотика             | Аурудың белгілері және олардың түріне, орнына, уақытқа қарай таралуы                                                                                                | Эпид-қ процесті сипаттайтын белгілер(сырқ-ң көрсеткіші, көріністері, қай халық тобында, қашан, қай аумақта, т.б) және олардың диагноз қоюдағы мақсаты.                                                                                                                                                                                           |
| Диагноз қою техникасы | Аурудан анамнез жинау, қарау, клиникалық, аспаптық және лабораториялық әдістермен зерттеу                                                                           | Халықтың эпид-қ жағдайын сипаттайтын материалдарды жинау, статистикалық біріктіру және топтастыру; жеке және топталған сырқаттануды эпид-қ тексеру, науқастан анамнез жинау, лаб-қ тексеру жүргізу, сыртқы орта объектілерін тексеру және лаб-қ тексеру жүргізу, яғни эпид-қ диагноз қою барысында қолданылатын амалдар мен әдістердің жиынтығы. |
| Диагноз қоюдағы ойлау | Аурудың түрін, науқастың жағдайын болжау арқылы дәлелдеу барысында пайдаланатын қисынды ойлау процесі.                                                              | Эпидемиологтың кәсіптік қызметіне байланысты ерекше өзіндік ойлау процесі. Эпид-қ процестің көрінісін сипаттау үшін объективті және субъективті мағлұматтардың жиынтығын қисынды ойлау арқылы эпид-қ диагноз қоюға пайдалану.                                                                                                                    |




# Эпидемиологиялық семиотика

- Эпидемиологиялық семиотика дегеніміз  
Эпидемиологиялық белгілер  
(параметрлер, көрсеткіштер, эпидемия  
барысының көріністері) туралы ілім
- Эпидемиялық белгілер дегеніміз- осы  
ошақтағы адамдарға қауіп-қатер тудыратын  
инфекция қоздырғышының көзін,  
қоздырғыштың берілу жолдары мен  
факторларын сипаттайтын әрқилы  
параметрлердің жиынтығы.



# Эпидемиялық процестің сандық белгілері:

1. Сырқаттанушылық деңгейі (өлім-жітім, тасымалдаушылық)
2. Сырқаттанудың даму динамикасы;
3. Жыл ішінде тарауы (маусымдық жоғарылауының қарқыны)
4. Инфекцияның ошақтық көрінісі (пайда болған уақыты, ошақтардың саны, олардың даму мезгілдері, бір немесе көп науқасты болып бөлінуі) міндетті





## Эпидемиялық процестің сапалық белгілері:

1. Аумақтар бойынша (әлем, мемлекет деңгейі немесе жеке аймағы, республика, облыс, аудан)
2. Қала және ауыл тұрғындары арасы бойынша;
3. Әр түрлі жас топтары бойынша;
4. Жынысына қарай;
5. Әр түрлі кәсіптік топтар бойынша (жұмыс орнында науқастардың саны, ұйымдастырылған балалар мемкемелерінде)

# Эпидемиологиялық диагноз қою техникасы

- Эпидемиологиялық диагноз қою техникасы дегеніміз диагноз қою барысында қолданылатын тәсілдер мен әдістердің қорытындысы болып табылады. Ол екі кезеңді қамтиды
  - талдау
  - жинақтау

Талдау дегеніміз (гр. Analysis – ажырату, тарату, бөліп-бөліп жіберу) затты (құбылысты, процесті) құрайтын бөлшектерді (белгілерін, қасиетін, қарым-қатынасын) бөлу арқылы зерттеу әдісі.

Жинақтау (гр. Sinthesis – бөліктерді қайта жинау, біріктіру) тексеретін затты (құбылысты, процесті) қайта жинақталған біртұтас күйінде зерттеу



Талдау мен жинақтау түсінігі тұтас процесс, сондықтан эпидемиологиялық зерттеуде оны «талдау» деген бір ұғым ретінде пайдаланады.

- Эпидемиологиялық талдау дегеніміз эпидемиялық процестің ерекшеліктерін тексеру орны мен уақыт жағдайында сипаттайтын ең толық және дәл белгілерін анықтау үшін жеке-жеке эпидемиологиялық деректерді бір жүйеге келтіріп, статистикалық әдістермен өңдеу болып табылады.
- Мақсаты –эпидемиологиялық жағдайдың қарқынын, бағытын және шапшандығын уақыт бойынша (жылдық, айлық, апталық, т.б) аумақта және әр түрлі топтарда орын алғанын, сонымен қатар осы құбылыстарға әсер еткен табиғи-әлеуметтік факторларды бағалау.

# Эпидемиологиялық ойлау

«Эпидемиологиялық ойлау» дегеніміз эпидемиологтың кәсіптік қызмет барысындағы өзіне ғана тән ерекше ой-пікірі болып табылады.

Эпидемиологиялық ойлаудың өзіне тән ерекшеліктерін анықтайтындар:

1. Таным объектісі мен заты;
2. Эпидемиологтың алдына қойған мақсаты, міндеттері;
3. Эпидемиологиялық тәсілдер мен әдістер;
4. Эпидемиологиялық тәжірибе.



## **Эпидемияға дейінгі диагноз қою**

- Эпидемиологиялық жағдайдың шиеленісуінің шарттары мен хабаршыларын анықтау (эпидемияға дейінгі диагноз қою) дегеніміз эпидемиологиялық жағдайдың дәл осы жер мен дәл осы уақыттағы салауаттылығы мен сауатсыздығының арасындағы шекара.

Эпидемияға дейінгі диагноз қоюдың мақсаты – ең алдымен болжам жасау, яғни өте ерте байқалған белгілерін анықтау арқылы эпидемиологиялық жағдайдың болуы мүмкін шиеленісін сезу және оны болдырмау. Сондықтан эпидемияға дейінгі диагноз қоюдың негізгі принциптерін жасау – эпидемиологиялық қадағалау үшін ең маңызды кезең болып саналады.



- Эпидемиологиялық жағдайда эпидемияға дейінгі диагноз қою тек аурулардың деңгейінде көп қырлы бақылау қорытындысын талдау ғана емес, ол ең алдымен ауру қоздырғышының таралу жолдары мен берілу себептерінің болуы мүмкін қарқынын сипаттайтын көрсеткіштерді талдау болып санала





**Назарларыңызға  
рахмет!**

